



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№52
(2117)
Сәрсенбі
31 мамыр
2023 жыл



Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті балалар!
Қадірлі ата-аналар!

Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаздың алғашқы күнімен келетін мереке балғын бүлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін басты мереке.

Ата-ананың ең үлкен бақыты – баласының жақсы азамат болып өсуі болса, ілгері ойлайтын мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел үміті, ұлттың жалғасы.

Сондықтан бала қуанышын бағына балаған ата-ана үшін де, бар тілегі мен елдік мұратын балалармен байланыстырған мемлекет үшін де бұл мерекенің маңызы зор.

Бүгінде баршамыздың алдымызда тұрған зор міндет – ұрпаққа заманауи білім беріп, салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасау. Бала бойындағы мүмкіндіктерді ашу. Сол себепті де біздер барынша балабақшада, мектепте, мектептен тыс уақытта балалардың тиісті күтім мен қамқорлық көруіне жұмыс істеп келеміз. Бұл бағытта елімізде жеткіншектердің білім алуына, шығармашылығын шыңдауына барлық жағдай жасалған.

Қымбатты балалар!

Біздің көңіліміздің гүлі, көзіміздің нұры, болашағымыз – Сіздер! Сондықтан да сапалы білім алып, еліміздің дәулетті, жеріміздің сәулетті болуы үшін белсенділік танытып, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлестеріңізді қосуларыңыз керек.

Әр бала бақытты болу үшін жаралған. Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық болсын! Елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңдар! Әрқашан жүздеріңізден күлкі, жүректеріңізден мейірім кетпесін!

Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мұхтар Оразбаев

АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫСЫ ОҢ БАҒАЛАНДЫ



Аудан әкімінің тұрғындармен кездесуі «Арықбалық» ауылдық округінің орталығы Жанқожа батыр ауылында жалғасын тапты.

Аудан басшысы ауыл тұрғындарын ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Одан соң тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Кездесуде округке жедел-жәрдем автокөлігі керектігі және аяқсу мәселесі қозғалды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында бой көтеретін білім ошағына қатысты пікірлер айтылды. Аудан басшысы бұл сауалдардың алдағы уақытта шешілетінін айтып өтті.

Жиын соңында тұрғындар аудан басшысына алғыстарын білдіріп, батасын берді.

Аудан басшысы Мұхтар Оразбаевтың ауыл тұрғындарымен кездесуі «Майдакөл» ауылдық округінің орталығы Бекарыстан би ауылында жалғасты. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ауыл тұрғындарына ауданның

тыныс-тіршілігі жайлы айтты.

Жиында аудан әкімі ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Кездесуде ауыл көшелерін жөндеу және мектепке қатынайтын көліктің керектігі жайлы ұсыныстар айтылды.

Аудан басшысы ұсыныстардың барлығы алдағы уақытта өз шешімін табатынын айтты.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Ақжона» ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті.

Округ орталығы «Майдакөл» ауылында өткен кездесуде аудан басшысы ауыл тұрғындарын ауданда атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы жоспарларды тілге тиек етті.

Жиында ауыл тұрғындары жолды жөндеу және жайылымдық жерлер жайында сөз қозғады. Төрт түлікке екпе егу, кенелерге дезинфекция жасау керектігін айтты.

Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарға

аудан басшысы жауап беріп, бірқатар сала басшыларына орындауға тиісті тапсырмалар берді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Алға» ауылдық округінде жалғасын тапты. Аудан басшысы ауыл тұрғындарын жыл басынан бері атқарылып жатқан жүйелі жұмыстармен таныстырды.

Жиында ауыл тұрғындары ауыл көшелеріне түнгі жарықшамдарды орнату жөнінде ұсыныс білдірді.

«Бұл ұсыныс алдағы уақытта шешімін табады», деді аудан басшысы Мұхтар Оразбаев.

Аудан басшысы тұрғындарды жеке қабылдап, қойылған сауалдарға жауап берді.

Аудан басшысы ауылдағы асфальтталып жатқан көшелерді көріп, мердігер мекеме қызметкерлеріне құрылыстың сапалы атқарылуын, уақытылы аяқталуын ескертті.

Жиын соңында

тұрғындар ауылда атқарылып жатқан жұмыстар үшін аудан басшысына алғыс – тілектерін білдірді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Сарбұлақ» ауылдық округінде өтті. Тұрғындармен кездесуде аудан басшысы ауданның тыныс-тіршілігімен, атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстырды.

Ауыл тұрғындары өз ұсыныстарын білдіріп, ауыз су, электр желілері және көше жолдарының жөнделу керектігін жеткізді. Сонымен қатар, округке жаңа клуб үйінің салынуы қажеттігін тілге тиек етті.

Аудан басшысы Мұхтар Оразбаев тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, алдағы уақытта шешімі табылатындығын айтты.

Тұрғындар жиын соңында аудан басшысының атқарып жатқан жұмыстарына ризашылықтарын білдіріп, табыс тіледі.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

● Ғани Мұратбаев –121 жаста

ҒАНИ АЛАШ АРЫСТАРЫМЕН МҰРАТТАС



Біздің екінші дүниежүзілік соғыстан (1939-1945жж.) кейінгі ұрпақ көзімізді тырнап ашқаннан десек әбестік болар, мектептің жоғары сыныбында оқыған кітап пен газетке бауыр басқан тұста қолымыздан тастамай жүріп оқитын аптасына бес рет шығатын басылымымыз «Лениншіл жас» еді...Ол заманда «күн көсемнің» атақ-даңқы дүркіреп тұрған. Оның есімі қосарланбайтын дүние ілеуде біреу. Жастар газетінің мен мұңдалап тұратын атауын нақ солайша қабылдадық. Арада жылдар өтіп, талаптанып қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің (Бұрынғы ҚазМУ) студенті атандық. Алматы шаһарында да «Лениншіл жаспен» бауыр бастық. Бас оқу ғимаратының іргесіндегі киоскіден таңдап алатынымыз да аталған басылым. Ол тұстағы оның таралымы үш жүз мыңнан асып жығылатын. Редакторы сайыпқыран С.Бердіқұлов. Студент ағайынның қайбір жетіскен күні бар дейсің?! Кейде ашқұрсақ күйді бастан өткізсек те «Лениншіл жастан» алатын рухани азығымыз бірыңғай тоқ санататын. Қазақ журналистикасының тарихына

ден қойған тұста ұстаздарымыз: профессор Қ.Бекхожин, Т.Амандосов, Т.Қожакеевтің дәрісінен біз сүйіп оқитын басылымның 1921 жылы 21 наурызда Ташкент қаласында жарық көрген әу бастағы атауы «Жас Алаш», ал оның негізін қалаған, қаражатын тапқан, ұйымдастырған, тұңғыш редакторы жастар жетекшісі Ғани Мұратбаев болғанына қанықтық.

Жасыратын несі бар, өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін қазақ қоғамы, оның тарихы мен әдебиеті XX-ғасырдың жиырмасыншы жылдары саяси аренаға шыққан алаш қайраткерлері мен олардың шығармашылық еңбегіне үрке қарайтын. Өкімет идеологиясы бізге оларды шетінен ұлтшыл, байшыл көзқарастағы жандар деген насихатты тықпалап сіңіріп жатты. Ақыры көзіміз 1986 жылы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінің дүмпуімен қанат жайған жариялылық пен қайта құру, бертіндегі (1991ж. Желтоқсан) Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен ашылды. Жазықсыз айыпталған, тіпті біржолата мансұқталған Алаш қайраткерлері және олармен мұраттас (идеялас) болған тарихи тұлғалардың сол бір сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қаратқан дұшпан көз замандағы басын бәйгеге тігіп көзсіз ерлікке барған батыл іс – қызметіне жаңаша көзқараспен баға беруге ұмтылып бақтық.

Осы ретте 1922 жылы сол тұстағы Түркістан коммунистік Жастар Одағының Орталық комитетінде басшылық қызмет атқарып жүріп, Күншығыс жастарының Ұлт тіліндегі газетін шығару керек деп үндеу тастаған, басшы органдардың келісімін алып қарекет жасаған, оның алғашқы

санын Ұлыстың Ұлы күніне орайластырған, құлагер ақын Ілияспен бірлесе отырып газет арқылы заманға қожа болу, тұрмысқа тұтқа болудың кілті – бірігіп ұйымдасуда. Ояныңдар, ұйымдасыңдар, езілген Күншығыс Жастары!- деп ұран тастаған, демі таусылғанға дейін сүйікті басылымынан көз жазбаған Ғани Мұратбаев есімі еріксіз ойға оралады.

Заманында қазақ халқына кемсітушілік көзқараспен қараған большевиктер партиясы ұлтымыздың оқыған, зиялы қауым өкілдеріне (әсіресе Алаш Орда партиясының көсемдері мен мүшелеріне) алақөздене қарады. Олардың адымын аштырмауға күш салып бақты. Міне осындай әсіре қызыл, ұр да жық ұстанымы белең алған тұста Ғани заманның ағымына орай жастар қозғалысының (комсомол) басшылық қызметінде жүрсе де негізінен рухани орталық Ташкентте шоғырланған қазақтың бетке ұстарлары, ыстық қанды, Алаш жанды; М.Жұмабаев, М.Әуезов, М.Шоқай, Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов сынды арыстармен мұраттас, рухтас болуының арқасында атауынан ат үркетін Алаш ұғымын жастар газетіне темірқазық серік етті. Оның бұл әрекеті билік басындағыларға ұнамағаны рас. Ақыры олар қаражатының тапшылығын желеу етті. «Жас Алаш» атын тұқыртып 1922 жылы енді оны журнал көлеміндегі «Жас Қайрат» деген атпен шығарды. Профессор Б.Кенжебаевтың дерегіне сүйенсек 1924 жылы Түркістан Республикасындағы комсомолдардың «Жас Қайрат» журналы Қазақстан автономиялық облысындағы комсомолдардың «Жаса Қазақ» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінде «Лениншіл жас» атты

бір беті шығып тұрды. Осы күймен 1925 жылға жетті, - деп сипаттама береді.

1925 жылдан бастау алған «Лениншіл жас» атауы табыны күректей алпыс алты жылға созылып, басылым тізгінін ақмылтық журналист, әдебиетші ғалым Уәлихан Қалижан ұстаған 1991 жылдың тамыз айының ортасына дейін сақталып, Мәскеудегі дүрбелеңді «Тамыз бүлігі» басылған соң бір түнде үкіметтің ешқандай қаулы-қарарын қажет етпестен ұйым мүшелерімен келісе отырып байырғы тарихи атауы «Жас Алаш» деп өзгертілді. Осылайша тарихи әділет қайта орнады. Тәуелсіз Қазақстан жастарының, яғни жас ұрпақтың республикалық қоғамдық-саяси «Жас Алаш» газетімен табысқанына да биыл 32 жыл толып отыр. Газеттің Мақтаарал ауданындағы қоғамдық белсенді тілшісі Махамбет Сапармұратовтың өлең тілімен: Сол Ғани жаққан от – жалыны, тоқтамай жүз жыл лауладың!,- дегеніндей Ғани жаққан алаудың мәңгілік лаулай беруіне бек тілектеспіз.

Бүгінгідей орайы келген, туғанына 121 жыл толған сәтте айтарымыз, XX ғасырда жетпіс жылдан астам (1917-1925ж.) сол қоғамның орнығуымен қатар қазақ және басқа да түркі тілдес халықтар жастарының оянып, жолын ашуы жолында бар күш жігері мен білімін аямаған, тіпті өмірін де құрбан еткен Ғани Мұратбаев Алаш қайраткерлері қатарынан көрінетіндей қыруар іс атқарды. Алаш арыстарымен мұраттас болды. Бүгінгі тілмен айтқанда Алаш зиялысы атана білді. Бұл ұйғарымымызға оның халқы үшін жасаған жасампаз істері нақтылы дәлел.

Қараша ҚАРАМАН,
Алматы облысы

● Қайырымдылық

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮН

Жеке кәсіпкер Раушан Қожағұлова 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандағы ерекше балаларға арнап қайырымдылық дастархан жайды.

Мерекелік дастарханға мүмкіндігі шектеулі 120 бала қатысты.

Шарада аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы С.Бабанаев балаларды келе жатқан мерекесімен құттықтап, игілікті іске ұйтқы болған жеке кәсіпкерге алғысын айтты. Сонымен қатар, Рау-



шан Әлимусақызын аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Жиынға келген ата-аналар да балаларды мерекесімен құттықтап, жыл сайын үрдіске айналдырып, қайырымдылық жасап келе жатқан жеке кәсіпкерге және әлеуметтік қызметкерлерге ризашылықтарын білдірді.

Мерекелік кеште балалар аниматорлармен бірге ән айтып, би билеп, көңіл көтерді. Сондай-ақ, таратылған тәттілер мен балмұздақтан дәм татып, ерекше әсерге бөленді.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

АРДАҚТЫДА АЯУЛЫ АСЫЛ ЖАНДАР

Мұстафа Матайұлы биыл тірі болғанда 90 жасқа толар еді. Қазақта «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз бар. Бәлкім дана халқымыз артына өшпес із, үлгі аларлық өнеге қалдырған адамға деген құрметін осылайша жеткізген болар.

Матай мен Дүйсен әулеттері Қазалы ауданының «Майдакөл» ауылында, қазіргі «Ақжона» ауылдық округінде дүниеге келіп, сол елде өркендеп өскен. Міне, осы әулеттердің құда-жекжат болғандарына 67 жылдың жүзі болыпты. Екі әулеттің де тұңғышы Мұстафа мен Ақзия 1956 жылы отбасын құрды.

Ақзияның келін болып түскен шаңырағы берекесімен бірлігі жарасқан өте қарапайым отбасы еді. Шаңырақтың ұйтқысы Айша әжені кішкентай кезімізден білеміз. Ол өзінің аналық мейірім шапағатын келінінен аямай, өз қызындай тәрбиеледі деп еститінбіз. Балаларының тәрбиесіне қаталдау болғанымен өте ерекше жан болатын. Оның сабырлығы, биязылығы, адамдарға деген ықылас пейілі кең еді. Біз үйіне барғанда «құда бала келді» деп жылы қабақ пен қарсы алып, дастарханын жаятын. Ерекше мінезін көріп таң қалмасқа болмайды. Осындай аналар көп болса үйге ырыс-несібе кіріп, отбасының бірлігі болар еді.

Біздің Ақзия апамыз да әке-шешесінен алған тәрбиесінің арқасында келген жерін бақытты етті. Әулеттің ауызбіршілігін сақтап, ұйған отбасы болуына бар күш-жігерін аямады.

Анамыз Күнбибі қыздарына: «Айналайын енді барған жерлеріңді ойлаңдар, бізге қарайламаңдар, атаң мен енеңе, жарыңа, жанұядағы әр адамның көңіл-күйіне, ауызбіршілігіне шын ықылас ниеттеріңмен қызмет жасаңдар. Сонда жаман болмайсыңдар!», - деп айтып отыратын. Өмірден түйгенім, жанұя құрғаннан кейін келіннің жақсы болуы, сол шаңыраққа құт-береке кіруінің негізі – қыздың анасына байланысты болады. Себебі, қызға тәрбиенің басым бөлігін сол кісі береді. Көп жағдайда қызына анасының айтқаны әсерлі болады. Міне, сондай тәрбиенің



арқасында Ақзия апамыз заманның ақылды ақжаулықты анасына айналды. Ол – өзінің айналасындағы бауырларына ғана қамқоршы, ақылшы емес, ағайын туыстарға да қарайласа білді. Олай дейтінім, Мұстафаның немере ағасы Ібай аға: «Біздің Ақзиядай адам жоқ. Қай кезде барсаң да дастарханы жаюлы, тамағы дайын тұрады. Жылы қабағы, сөзімен-ақ жаның жайланып қайтасың» деуші еді. Әкем Дүйсен бала кезімізден: «Балам кісі баласының ала жібін аттама, ұрлық жасама, жалған сөз айтпа, адал еңбегімен тапқанның ырзық несібесі болады» деп санамызға құйып отыратын.

Мұстафа ағамыз бен Ақзия апамыз екеуі де екі әулеттің үлкені болғандықтан екі жаққа да тең қарады. Үлкендік оңайма, жауапкершілік өте ауыр болды. Соған қарамастан Мұстафа жездем Қызылордада жүріп екі жақтың бауырларына қолұшын беріп, қамқорлық көрсетті. Үкі апамыз 8 класты бітіріп, Ақзияның қолына барып оқып, білім алып жақсы ұстаз болып шықты.

Сол сияқты Өміркүл, Бақыт бауырларымның да облыс орталығында білім алып, ел қатарына қосылып кетуіне себепші болды.

«Мен мектеп бітіргеннен кейін анам Күнбибі мен әкем Дүйсен аман-есен үйден кіріп-шығып жүрсе болады. Бұл баланы Алматыға оқуға жіберіп, біз қайдан байыз табамыз», - деп мені оқудан бір-екі жылға алып қалмақшы болып Қызылордаға келдік. Анам Күнбибі мені оқуға жібергісі келмейтінін айтты. Оған Мұстафа ағамыз

көнбей қойды. Сөйтіп, інісі Өмірбек екеуімізді жетектеп жездем Алматы қаласынан бір-ақ шықты. Алматыдағы досы Қияс ағамыздың үйіне қоныстандырды. Қияс ағай жақсы адам екен. Өзі доктор, профессор, өте жоғары лауазымды адам болғанына қарамастан кішіпейіл, қарапайым.

«Айналайын қысылма, өз үйіңдей көр, еркін жүріп, сабағыңа дайындал», - деп өбектейді. Әйелі де жақсы адам. Бар жағдайымды жасап, қамқорлығын көрсетіп жүреді.

Бірде үйге Мұстафа ағам жағдайымды сұрап келгенде көзімнен жас шығып, «анам мен көкемді қатты сағындым, оқуға келесі жылы келсем қайтеді» деген ойымды жеткіздім. Содан бар ақылын айтып, «келешегіңді ойла, ертең-ақ үйреніп кетесің», - деп көндірді.

1967 жылы Алматы зоотехникалық - малдәрігерлік институтының ветеринария факультетіне оқуға түстім. Ал Өмірбек ауыл шаруашылығы институтының электро факультетін таңдады. Келгендегі жұмысы ойдағыдай орындалып, Мұстафа ағамыз көтеріңкі көңіл-күймен ауылға қайтты. Біз студенттік өмірімізді ары қарай жалғастырдық. Сол жолы, бәлкім Мұстафа ағамыз жанашырлық танытып, оқуға алып бармағанда бүгінде білімі, не мамандығы жоқ ауыл қазағы болар ма едім?! Жездем мен апамыз біздің болашағымызды ойлап, кедергілерге жол бермей, қамқорлық танытқандарына Аллаға мың да бір рақмет айтамын.

Біз бала кезімізден бері Мұстафа ағамыз бен Ақзия апамыздың достарын жақсы білеміз. Құлмырза Тілеуов пен Мұстафа Матаевтың кітабында достары туралы толық айтылған. Біздің де осындай достарымыз болса екен деп армандадық. Қазалыға келсе болды барлық достары жиналып бірге жүреді, бірге қыдырады. Әсіресе, жан досы Құлмырза Тілеуов бәрін күлдіріп отырады. Достарының ішінде бізді өте жақсы көретін Мұхан аға мен Сарқыт апай. Сарқыт апай отырыстарының гүлі болатын. Әсіресе, Мұстафа ағамыз бен Ақзия апамызды мақтап, жақсы қасиеттерін айтып отыратын еді.

Қайран, дүние-ай... Осындай аяулы жандар қазір бұл өмірде жоқ. Жандары жәннатта болсын! Мұстафа жездеміз бен Ақзия апамыз үш ұл, екі қыз өсіріп, барлығын оқытып, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немерелерін бауырларына басып бақытты ата-ана болды. Бес баласы да Қазақстанға белгілі үлгі-өнеге тұтатын бір-бір әулет. Алла тіл-көзден сақтасын! Осындай жандарды көріп түйген ойым, адамды байлығымен, қызметімен емес, адамгершілігі мен әрбір адамға өзінің шапағатын беретін, шуағын шашатын, ешкімнің сыртынан әңгіме айтпайтын, адалдығымен, әділдігімен бағаласа дейміз. Мұстафа жездеміз бен Ақзия апамыз осындай абзал жандар еді.

Мұстафа Матайұлы өмірінің жарты ғасырдан астам уақытында Қорқыт ата атындағы университетінде ғылым саласымен айналысып, ұстаздық ете жүріп, жастар тәрбиесіне үлкен үлес қосқан адал еңбекқор жан. Өмірінің соңына дейін үлкенге ізетті, кішіге қамқоршы, бауырларына ақылшы бола білген, пейілі кең, жүрегі жомарт, ел-халықтың алғысына ие болған ардақты да аяулы асыл жан.

Мұстафа жездеміз бен Ақзия апамыздың есімі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы жолдасы болсын!

Малкайдар ДҮЙСЕНҰЛЫ,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы

АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАРДЫ АЛУ ТӘРТІБІ

Қазалы аудандық архиві филиалының негізгі қызметтік бағыттарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарын орындау болып табылады. «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі. Өтініштерді қабылдау және архивтік анықтамаларды беру мемлекеттік архив кеңсесі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация), www.egov.kz. «электрондық үкімет» веб порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың, сондай-ақ уақыты 5 жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, жауапты орындаушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді. Құжаттар мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін сұратылған мәліметтердің мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық

архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен қабылданады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар арасында ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын күшейтуге шақырып "Сыбайлас жемқорлық - ауру, оған қарсы күрес – біздің парызымыз" қағидатын енгізуді ұсынды. Сонымен қатар, барлық мемлекеттік органдар жұмыстың жаңа форматтарына белсенді түрде үңіліп, оларды іс жүзінде қолданып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдыру қажет деп санайды. Бұл халық үшін қолайлы жағдай жасау, бюрократтыққа тосқауыл және көрсетілетін мемлекеттік қызмет берушілер арасында жемқорлыққа жол бермеудің бірден бір жолы.

Қ а з а қ с т а н Республикасының экономикасын дамытудың қарқынын арттыру және халықтың өмір сапасын жақсарту мақсатында елімізде барша мемлекеттік қызмет көрсету түрлері электронды түрде жүргізіледі. Соның ішінде архивтік анықтамалар беру қызметі де бар. Облыстық архив мекемелерінің басты мақсаты - сапалы әрі тиімді қызмет көрсету болып табылады. «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша дөңгелек үстелдер өткізіліп, бейнероликтер түсіріліп әлеуметтік желілерге, мақалалар жазылып баспасөз беттеріне жарияланады. Сонымен қатар, Қазалы аудандық архиві филиалдарында халыққа «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы» үздіксіз жұмыс істейді.

Қазалы аудандық архиві филиалында 2023 жылдың төрт айында жалпы саны 379 сұраныстар келіп түсті. Оның ішінде хат түрінде - 37, мемлекеттік корпорация арқылы - 8, E-gov электронды үкімет порталы арқылы 334-і жүзеге асырылды. Барлық сұраныстардың 95% электрондық үкімет порталы арқылы орындалды.

Сонымен бірге, ТМД және алыс шетелдер азаматтарынан зейнетке шығу, жұмыс өтілі, туу туралы куәлігі, жер және саяжай учаскелерін беру, медаль, ордендермен марапатталуы, ата-бабаларына көше атауларын беру, мекеме атауларының өзгергендігі туралы сұраныстар қамтылады.

Осы уақытқа дейін бірнеше электронды бағдарламаларды жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде барлық мемлекеттік органдардың басын біріктірген «Электронды үкімет» бағдарламасы халық арасында кеңінен таныла бастады. Бүгінгі күні осы бағдарламамен өз үйіңізде отырып – ақ, тіпті ұялы телефоныңыз арқылы да жеке басыңызға қажетті анықтамаларды сұратуға болады. Ол үшін әр азамат халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе онлайн түрде «электронды кілті» (ЭЦК) алса болғаны. Бұл бағдарлама арқылы әрбір қазақстандық азамат республиканың кез келген аймағындағы мемлекеттік архивтерге сұраныс салып, қажетті анықтамасын ала алады.

Сонымен қатар, «Электронды үкімет» порталы жалпы көрсетілетін электронды қызмет бойынша 100 пайыздық деңгейге жету мақсатында «Ақпаратты Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі тапсырманың шешу жолы болып табылады.

Н.НҰРЖАУБАЕВ
Қазалы аудандық архиві филиалының архивисті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күрестің бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызмет.

Сондықтан қандай салада болмасын жемқорлыққа байланысты мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы сипаттағы шаралар кешенін жүзеге асыруымыз қажет.

Ендігі кезекте, кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына тоқталып өтсем.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары белгіленген.

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

3) мүдделер қақтығыстарын болғызбау;

4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырмасақ, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басқа да жолдары өз нәтижесін бермейді.

Ақтілеу БӨРІҚҰЛАҚОВ,
Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.